

Кіші топ		ЦИКЛОГРАММА			
Апта нөмірі		№29			
Күндері		28.03 - 01.04.2022			
Өтпелі тақырыптың атауы		Ғарышқа саяхат / Путешествие в космос / Cosmic			
Мекеменің атауы, тобы		Бөбек лүпілі жеке меншік балабақшасы			
Педагогтің аты-жөні		Далабаева М.Қ.			
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру. Әңгімелесу: "2-3 жасар балалар үшін үстел ойындарын таңдау ерекшеліктері", "Ойыншықтардың материалдары мен сапасы", "Ойыншықтар не үшін керек?"				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалау қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым").	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел ойындары сөресінің шағын сұртуға ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын (күлгін, бальзамин) сумен бүрку үлгісін көрсету; жапырақтардың таза болғанын байқату.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Көліктергі дөңгелектерді салып бер" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балаларды көліктердің кескіндеріне көлеміне сай дөңгелектерді таңдауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Шарты: әрбір көліктің көлеміне сай дөңгелектерді салып беру. - Көлікке сай дөңгелекті салайық, Көлікті көшеге шығарайық.	Құрылыс материалдарынан құрастыру жаттығуы. "Зымыран". Мақсаты. Балаларды текшелер, призма және цилиндр құрылыс материалдарынан зымыран құрылысын жасауға дағдыландыру; жасалған әрекетінен жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту. Педагог балаларға зымыранның құрылыс үлгісін көрсетеді, көркем сөзді оқып береді; балалардың бірі құрылысты жасап болғаннан кейін тақпақты қосылып оқи алады. Биік-биік көк аспан, Көк аспанда сұр қыран. Қараннан да озады Ғарыштағы зымыран. Зуылдайды тыныштықта, Басы үшкір, бұрыштай, Күміс түсті денесі Жылтырайды қылыштай. Д. Ахметова	"Машиналар жүреді" саусақ жаттығуы. Мақсаты. Балаларды саусақ жаттығуын тақпақтың ырғағына, мазмұнына сай жасауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды әсер алу қабілетін қалыптастыру. Құралдар: көліктердің суреттері немесе ойыншық машиналар. Педагог балалардан балабақшаға қандай көлікпен келгендері туралы сұрайды. Балаларға көмек ретінде түрлі машинаның (көліктің) суреттері көрсетіледі. Жаттығу үстел үстінде жұдырықтарды түйіп отырып, екі бағытқа жүргізу арқылы орындалады. Машиналар жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақын жерге, алысқа бағыттайды.	"Мозаика" үстел ойыны. Мақсаты. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру. Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақнамалары. Педагог баланың қандай пішіндерді салып жатқанын сұрастыра алады.	"Туған жер" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу. Мақсаты. Балаларды туған жер туралы тақпақты тыңдап, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; туған жер туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын Қазақстанның табиғаты жайлы көріністерге аударады. Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады. Көркем сөз. "Туған жер". Туған жер, алтын бесігім, Тербеттің мені төсінде. Жүреді сенің есімің Ержеткен кезде есімде. Жүреді мәңгі есімде Көкорай далаң, тауларың, Албыртқан аспан төсінде Жұлдызды тұнық таңдарың. <i>Жарасқан Өбдірашев.</i>
Таңғы жаттығуы(5мин)	Кешенді жаттығулар				

Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қалыптастыру. - Алақай! Алақай! Барамыз дастарханға қарай: Ботқамыз дәмді, аппақ, Болмаймыз сатпақ. Қасықпен алайық, Асықпай асайық.
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Ғарышкер боламыз, Дос тауып, жұптасамыз. Ғарышқа ұшамыз, Алыс жұлдыздардан асамыз. Алақай!

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сурет салу. "Жұлдыздар". Мақсаты. Балаларды қылқалам түгін бояуға малып, "көк аспанды" қылқаламның ұшымен біркелкі қимылдар жасай отырып, нүкте қылып дақтар басып, толық бояуға үйрету; қылқалам түгіндегі бояудың бітуін байқап, бояуға қайта малуға жаттықтыру; қылқалам ізі ретінде пайда болып жатқан "жұлдыздарды" байқап, бос жерлерді қайта бояуға дағдыландыру; қылқаламды тіреушеге тіреп қою және тазалықты сақтауға баулу; жұлдыздардың түнде көрінетіні туралы түсініктер беру. <i>"Жұлдыздарды жинап алайық" қозғалыс жаттығуы рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру. "Ғарышқа алыс самғайық!" Мақсаты. Балаларды секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізуге үйрету; жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білуге машықтандыру; өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру. Балалардың секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізу қабілетін дамыту; жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу дағдыларын меңгерту; жоғары секіруде қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; секіру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету. <i>"Ұшты-ұшты" қимыл ойыны.</i>	Сөйлеуді дамыту. "Саяхатшылар әні". Мақсаты. Балаларға жиһаздар туралы түсінік беру; ойын арқылы жиһаздармен және оның түрлерімен таныстыру; жиһаз атаулары арқылы балаларды байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру; жиһаздың күнделікті өмірдегі маңызы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың жиһаз атаулары арқылы зейіні мен зеректігін, тілі мен есте сақтауын және байқағыштығын дамыту. <i>"Мен не көрдім?" есте сақтауға жаттығуы.</i> Музыка. "Ғарыштағы ғажайып". Мақсаты. Балаларды өуенді тыңдау кезінде өңдегі сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білу қабілеттеріне үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; би қимылдарын заттармен жасауға үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; саусақтардың қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол-саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге жаттықтыру; шулы музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету; ғарыш туралы түсінік беру. <i>"Жұлдыздар пайда болды" ойыны.</i>	Сенсорика. "Ғарыштағы бояулар". Мақсаты. Балаларды геометриялық пішіндерге жатпайтын пішіндер мен кескіндердің қасиеттерін ажырата білуге үйрету; әртүрлі заттардағы түстер сәйкестігін байқап, топтауға дағдыландыру; бірнеше түстердің қосындысы нәтижесінде жаңа түстердің пайда болуын байқау қасиетін қалыптастыру. <i>"Бояулар араласады" іс-тәжірибе жаттығуы.</i> Дене шынықтыру. "Ғарыш әлемінде". Мақсаты. Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін қолдарындағы түрлі-түсті жалаушаларын желбіретіп жүргізу, шашырай жүгіріп кіру жаттығуларын орындату; балаларға арналған баскетбол доп салғышына жоғары секіріп, қолды жеткізуге және жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу техникасын жетілдіру; ғарыш әлемі және ұшқыш туралы білімдерін толықтыру. <i>"Көпіршік" қимыл ойыны.</i>	Жаратылыстану. "Ұшақ". Мақсаты. Балаларды ұшақпен таныстыра отырып, оның басқа көліктерден маңызды айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету; ұшақтың негізгі бөліктерін атауға дағдыландыру. <i>"Ұшақты ұшырайық" ойын рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру. "Ғарыш шегіне жетейік". Мақсаты. Балаларды баскетбол доп салғышына жоғары секіріп, қолды жеткізуге және жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу техникасын пысықтау; көздеген нысанадағы затқа жетуде епті, жылдам, шапшаң болуға тәрбиелеу. <i>"Ұшты-ұшты" қимыл ойыны.</i>	Мүсіндеу. "Сақина". Мақсаты. Балаларды ермексаздың бір бөлігінен домалатып, сопақшалап, таяқша илеп жаттықтырып, дайын таяқша ұштарын бір-біріне тигізіп қосуға үйрету; өз әрекеттерін белгілі жүйеге салуға дағдыландыру. Балаларды түс пен пішінді қабылдауын, танымы мен зейінін дамыту. Балалардың жасалған мүсінге қуануға, өзінің еңбегінің нәтижесін бағалай білуге тәрбиелеу. <i>"Жасырынған сақинаны тап" зейінді дамыту ойыны.</i>
--------------------------------------	--	--	--	---	--

Серуен	Аспанды бақылау. Мақсаты. Балаларды аспанның таза немесе бұлтты болғанынын байқауға, түсін атауға ынталандыру; зейінін, түйсігін дамыту. Тап-таза көгілдір алаң, Бұл - жердің шатыры аспан. Аспан - күннің мекені, Жұлдыздар мекені. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Зымыран боламыз" қимылды ойыны. Мақсаты. Балалардың зымыран көлігін елестетіп, бір бағытта жылдамдықпен жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; шапшаңдыққа баулу. Педагог балаларға зымыранның таңбалауыштарын таратады. - Балалар, бұл зымырандар ұшып келіп, қонатын алаң. Зымырандар ғарышқа зулап ұшады, ал содан соң өз алаңына, Жерімізге қайтады. - "Зымырандар, алаңға!" десем, сендер менің жаныма жиналасыңдар. Келістік пе, балалар? Бастайық. - Қане, зымыран боламыз, Қолдарымызды қосамыз, Саусақтарды тік ұстап, Жұлдыздай ұшып барамыз. Ойын екі рет жүргізіледі. Педагог балаларға қарама-қарсы жерге тұрады, орналасу орнын үнемі ауыстырады, сонда балалардың жүгірудегі бағыттары ауысады. "Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, достыққа тәрбиелеу.	Желді бақылау. Мақсаты. Балаларды бұтақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, ағаштарға қараңдаршы. - Бұтақтары шайқалады ма? - Бұтақтары шайқалса, біз нені байқаймыз? - Иә, жел соғып тұр. - Жарайсыңдар! "Көктем тойын бастады". Төнді балқып күн қызып, Жылу алды көктен жер Қардың астын су бұзып, Есті жылы өкпек жел. М. Жаманбалинов Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Құлыншақтар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; сигнал бойынша жан-жаққа бағыттау немесе бір жерге топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жағымды эмоцияларға бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға құлыншақтың суреті бар қалташаларды үлестіреді. - Балалар, бүгін біз құлыншақтай қимылдайықшы. - Құлыншақ шабады. Қараңдаршы. Педагог құлыншақтың қимылдарын көрсетеді, балалар қайталайды. - Жарайсыңдар. - Ал, енді менің соңымнан тақпақты қайталап, құлыншақтай шауып көрейік. "Құлыншақ". Құлын, құлын, құлыншақ, Желкілдейді тұлымшақ. Маңдайында жұлдызы, Құйрығында құндызы. М. Жаманбалинов "Шашылған асықтарды жинайық" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.	Бұлттарды бақылау. Мақсаты. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару. "Аспанда". Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Қ. Мырзалиев. "Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету. - Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар. - "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар". Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Ұшақтар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балалардың ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу. Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын таратады. - Балалар - бұл біздің ұшақтар тұратын әуежай, алаң. Ұшақтар "у-у-у" деп дыбыстап, аспанға көтеріліп ұшады, ал содан соң өз алаңына қайтады. - "Ұшақтар, ұшыңдар!" десем, сендер ұшақтарды жүргізіп, аспанға ұшып жүресіңдер. - "Ұшақтар, алаңға!" десем, менің жаныма жиналасыңдар, жерге шоқайып отырасыңдар. Келістік пе? Бастайық. - Қане, ұшақтар, ұшыңдар! Қолдарымызды жан-жаққа жаямыз, "у-у-у"! Біраздан кейін педагог балаларды алаңға шақырады, жүгірудегі қауіпсіздікті қадағалайды. Ойын екі рет жүргізіледі. Педагог балалардың бір-біріне соғылмауын қадағалау керек. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	Топырақты бақылау. Мақсаты. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, жалпы ұғымдарын қалыптастыру; құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысқанын көрсетеді. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. Мақсаты. Балалардың сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру. Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді. - Балалар, торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші. Педагог балаларға торғайлар сияқты қанаттарын (қолдарын) жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді. - Жарайсыңдар! - Балалар, торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды. - Қалай шоқитынын көрсетейікші. Педагог балаларға торғайлардың шоқайып отырып жем шоқығанын, саусақтарымен тізесін соққылап көрсетеді. - Жарайсыңдар! Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді. - Торғайлар, торғайлар, Ұшыңдар, ұшыңдар! Жолға қонып отырыңдар, Жемді шоқыңдар! Педагог рульді ұстап, автомобильді көрсетеді, алаңда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды. - Автомобиль келе жатыр! Абайлаңдар! - Жан-жаққа ұшыңдар! - Ұш, ұш! Ойын екі рет ойнатылады.
--------	--	--	---	---

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.

Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Жүк көлігі не әкелді? дамытушы ойыны. Мақсаты. Балалардың дүниетанымын кеңейту, әртүрлі заттарды атауға ынталандыру. Педагог ойыншық жүк көлігіне салынған әртүрлі заттарды әкеледі. Балалар таңдаған кез келген затты (ойыншықты) атап, түсін пішінін атап, өзіне қолға ойынға алады. - Бұл ненің дыбысы? Бұл ненің жүрісі? - Биіп-биіп! Абайлаңдар, балалар! Шанағымда сендер үшін бар сыйлықтар! Д. Ахметова - Балалар, жүк көлігі не әкелді?	"Торғай мен автомобильдер" үстел ойыны. Мақсаты. Балалардың сигнал бойынша (машинаның келуі) қолдарындағы құстарды жан-жаққа "ұшыра" білу дағдыларын қалыптастыру; ойын сюжетіне ілесуге ынталандыру; зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Шарты: құстардың қимылдары орындау, машинаның келуін сигнал ретінде қабылдау, қимылдарды өзгерту. Педагог балаларға торғайлардың қалташаларын немесе таңбалауыштарын үлестіреді. - Балалар, торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші. Балалар құстарды қолдарына алып, үстел үстінде ауада "ұшырып" ойнайды. Педагог балаларға "шиық-шиық" еліктеуіш сөздерін айтқыза алады. - Жарайсыңдар! - Балалар, торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды. - Қалай шоқитынын көрсетейікші. Педагог балаларға торғайлардың жемді шоқығанын үстел үстінде көрсетеді. - Жарайсыңдар! Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап отырады. - Торғайлар, торғайлар, Ұшыңдар, ұшыңдар! Жолға отырып қоныңдар, Жемді шоқыңдар! Педагог ойыншық машинаны қолға алып, үстелмен, құстарға қарай жылжытады. - Автомобиль келе жатыр! Абайлаңдар! - Ұшыңдар жан-жаққа! Ұш! Ұш! Ойын екі рет ойнатылады.	"Шелпек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсаты. Балалардың тілін дамыту, денсаулықты сақтау қағидаларын игеруге ынталандыру. Педагог балаларға шелпектердің жасанды пішіндерін табақшаға салып қойып, балаларға көрсетуі мүмкін. - Балалар, қараңдаршы! - Біреу табақшамен бізге әртүрлі сый әкеліп қойған сияқты. Бұл не? - Иә, шелпектер. - Шелпек тағамын алып жеу алдында біз не істейміз? - Дұрыс, қолды жуамыз. - Балалар, ал Әли қолын әлі де жумапты. - Әлиге тақпақты айтып берейікші. - Әли жеңіске жетпек, Тәртіпті емес, тентек. Жуылмаған қолында, Ай-ай-ай, майлы шелпек. Тақпақты қимылдармен сүйемелдеуге болады.	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Шай ішуге шақырамын". Мақсаты. Балаларға мысық, күшік, тауық сияқты жануарлар мен құстарды шақыратын сөздерді айтқызып, жағымды эмоцияларын дамыту, тілін жаттықтыру; үй жануарларының адамның жанында болатыны туралы ұғымдарды қалыптастыру. - Шай ішуге шақырамын Қош келдіңдер, қонақтарым! Кел, кел, мысық, Кел, кел, күшік, Кел, кел, тауық, Орын дайын. "Кіс-кіс" мысық, "Кө-кө" күшік, "Шиип-шиип", тауық. Шайым дайын. Мысыққа қаймақ, Күшікке жілік, Тауыққа бидай. Ал кім ішеді шай? Д. Ахметова	"Биік және аласа үйлерді құрастырайық" үстел ойыны. Мақсаты. Балаларды үшбұрыштар, шаршы, тіктөртбұрыш арқылы биік және аласа үйлерді құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: үшбұрыштар, шаршылар, тіктөртбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе қатпа қағаз). Педагог балаларға қала көшелерінде тұрған биіктігі әртүрлі үйлерді (немесе геометриялық пішіндерден құрылған сызбаларды) көрсетеді. Балалар биік және аласа үйлерді құрастырып болғаннан кейін, педагог үлгіні балалардың жұмыстарымен салыстырады. Үйді салғым келеді, (шапалақтау) Қабырғасы керегі, (шапалақтау) Қабат-қабат кірпіштер (жұдырықтарды бір-бірінің үстіне қойып, орындарын алмастыру) Қатар-қатар кезегі. (жұдырықтарды бір-бірінің үстіне қойып, орындарын алмастыру) Д. Ахметова
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға, өз киімдерін тануға, сөреден алып беруге, атауға, киіну рәсіміне қатысуға, киімін шешіп, орнына апаруға үйрету.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Тақпақты мәнерлеп оқу. Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Қ. Мырзалиев.	"Зымыран". Мақсаты. Ермексаз кесегінен шарды илеу, бағанды есу, шымшу амалдарын игерту.	"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы. Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірде көрнекілік жеке геометриялық пішіндер модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы.	Тақпақты мәнерлеп оқу. Кел, кел, мысық, Кел, кел, күшік, Кел, кел, тауық, Орын дайын. "Кіс-кіс" мысық, "Кә-кә" күшік, "Шиип-шиип", тауық. Шайым дайын. Мысыққа қаймақ, Күшікке жілік, Тауыққа бидай. Ал кім ішеді шай? Д. Ахметова	"Туған жер" тақпағын мәнерлеп оқу. Туған жер, алтын бесігім, Тербеттің мені төсінде. Жүреді сенің есімің Ержеткен кезде есімде. Жүреді мәңгі есімде Көкорай далаң, тауларың, Албыртқан аспан төсінде Жұлдызды тұнық таңдарың. Жарасқан Әбдірашев.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "2-3 жасар балалар үшін үстел ойындарын таңдау ерекшеліктері", "Ойыншықтардың материалдары мен сапасы", "Ойыншықтар не үшін керек?"				

Тексерген; Бекишева М А 